

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ



International Taraz
Innovative Institute

БЕКІТІЛДІ
Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры, э.ғ.д.
М.Баяндин
2023ж.



МАГИСТРАТУРА

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 7M01701 - ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
Образовательная программа: 7M01701 – КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА
Educational program: 7M01701–THE KAZAKH LANGUAGE AND THE LITERATURE

2023-2025 оқу жылдарына
на 2023-2025 учебный год
for 2023-2025 academic year

ТАРАЗ- 2023ж.

Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы

1. Білім беру бағдарламасының атауы: 7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті

2. Білім беру бағдарламасының деңгейі: 7 – Магистратура

Білім беру саласының коды және атауы: 7M01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау.

Білім беру бағдарламаларының тобы: M017 Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау.

3. Білім беру бағдарламасының паспорты: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына сәйкес (өзгерістер мен толықтыруларымен 14.07.2022 № 141-VII) және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 20.07.2022 жылғы № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (өзгерістер мен толықтыруларымен 20.02.2023 № 66) сәйкес жүзеге асырылады. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 25.07.2023 № 334) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы "Педагог" кәсіптік стандартына сәйкес әзірленген.

3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Білім мен ғылымды интеграциялау негізінде лингвистикалық ғылым мен инновациялық технологиялар бойынша жоғары құзыреттілік деңгейіне ие, қазақ тілі мен әдебиеті саласында жоғары білікті ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

3.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері. Қойылған мақсатқа сүйене отырып, келесі міндеттер топтары құрылады:

3.2.1 Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін білім деңгейін қамтамасыз ету:

-ойлаудың дербестігін, өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін дамыту;

-білім алушылардың жеке-жеке ерекшеліктерін ескеретін жағдайларды қамтамасыз ету;

-оқу процесіне деңгейлік бағдарламаларды кеңінен енгізу арқылы білім беру процесінде шығармашылық атмосфера құру;

-білім алушылардың оқу-ғылыми қызметке оң уәждемесін қалыптастыру.

3.2.2 Құзыреттер мен жеке қасиеттерді қалыптастыру:

- қарым-қатынас орнату білу, стресске төзімділік, өзін-өзі дамытуға дайындық, сыни ойлау, ұтқырлық, эмоционалды тепе-теңдік;

- өзінің кәсіби қызметін құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен әділеттілік негізінде орындайды;

- білім беру, мәдени құндылықтар және оқыту теориясы саласындағы стратегиялық құжаттарды білу негізінде сапалы оқытудың педагогикалық тәсілдерін түсінеді;

-оқу процесін жоспарлайды, барлық білім алушылар үшін қауіпсіз, қолайлы орта ұйымдастырады және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

-өзінің кәсіби өсуін басқарады және тиімді педагогикалық қызмет үшін құзыреттерді дамытады.

3.2.3 Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұжымды қалыптастыру:

-білім беру сапасын диагностикалау технологиясы мен әдістемелерін зерделеуді, енгізуді және жетілдіруді ұйымдастыру;

-шығармашылық және ғылыми жұмыстарды жариялауды ұйымдастыру;

-білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолдану бойынша білім жетілдіруін жалғастыру.

3.2.4 Оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жетілдіру:

– өз бетінше жаңа білім алуға, өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге және ішкі және сыртқы еңбек нарықтарында бәсекелесуге қабілетті жоғары білікті мамандарды тәрбиелеу;

- магистранттардың еңбек нарығындағы кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ететін ғылымдар тоғысында іргелі білімді меңгеруі;

- магистранттардың жеке білім беру бағдарламасын таңдауы;

- білім беру ұйымдарын басқаруға дайындау;

- интеграция негізінде оқу пәндерінің өзара іс-қимылын жетілдіру;

- оқытудың дифференциациясын, сыни ойлау арқылы оқыту технологиясын дамыту;

- оқу-тәрбие процесіне түйінді құзыреттерді қалыптастыратын технологияларды енгізу;

- докторантурада білімін жалғастыру мүмкіндігін алу.

3.3 Дайындық бағыты: ғылыми-педагогикалық.

3.4 Біліктілік пен лауазымдар тізбесі:

7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі беріледі.

3.5 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы:

3.5.1 Кәсіби қызмет саласы.

7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің нысандары:

– меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері;

– техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;

– жоғары оқу орындары;

– ғылыми-зерттеу институттары;

– білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары;

– білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдар.

3.5.2 Кәсіби қызмет объектілері.

Ғылыми-педагогикалық дайындық кезінде жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі кәсіптік қызмет объектілері болып табылады:

- оқу-тәрбие процесіне қатысты ұйымдарда интегралды педагогикалық процесті жүзеге асырудың бағыттары мен құралдары;

- орта мектептер, лицейлер, гимназиялар;

- орта арнаулы оқу орындары, колледждер;

- бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелері;

- ғылыми-зерттеу ұйымдары;

- жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқытудың білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда жоғары білікті маман ретінде жұмыс істеу үшін барлық дағдыларға ие болу, сонымен қатар ЖОО ассистент және оқытушы ретінде білім алушыларды тәрбиелеу мен интеллектуалды дамытуға белсенді қатысу.

3.5.3 Кәсіби қызмет түрлері.

7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

– білім беру (педагогикалық);

– оқу-тәрбиелік;

– оқу-технологиялық;

– әлеуметтік-педагогикалық;

– ғылыми-зерттеу;

– ұйымдастыру-басқарушылық.

4. Магистратура ғылыми, педагогикалық және басқару кадрларын даярлау бағыты бойынша жүзеге асырылады:

- ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша оқу мерзімі - 2 жыл;

Магистратурада оқу мерзімін ЖОО алдыңғы дайындық деңгейінің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестігіне және пререквизиттердің болуына байланысты дербес түзете алады.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнындағы базалық құндылықтар:

- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- құрмет;
- ынтымақтастық;
- ашықтық.

6. Білім беру бағдарламасы түлегінің білімі мен іскерлігі

6.1 Ғылыми-педагогикалық магистратура түлегі:

7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының түлегі:

білуге міндетті:

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметтің мақсаты мен міндетін білуге;
- қазақ тіл білімінің теориялық негіздерін білу;
- қазақ тіл білімінің бағыттары мен түрлерін білу;
- тіл ғылымындағы іргелі зерттеулермен, білім берудің түрлі саласындағы мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталған ғылыми-педагогикалық инновациялық еңбектермен таныс болу;
- қазақ тіл білімінің заманауи мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми еңбектерге талдау жасау;
- қазақ тілін оқытудағы педагогикалық инновациялық технологиялардың теориялық негізін білу.

қабілетті болуы міндетті:

- тілдің қатысымдық құзыреттілігі, педагогикалық шешендік өнер, қатысымдық стратегиялық дағдылары қалыптасқан;
- толерантты және педагогикалық әріптестікке қабілетті;
- интеллектуалды, рухани-адамгершілік ұстанымдары қалыптасқан, кәсіби, қатысымдық, дүниетанымдық құзыреттілігін және ұйымдастырушылық шеберлігін үнемі дамытуға қабілетті;
- инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу мен қолдануға, өз білімін көтеру мен өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтыла біледі, педагогикалық іс-әрекеттегі мотивациясы жоғары;
- мәдени феномен ретіндегі ғылыми білімнің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын түсінуге қабілетті;
- ғылыми еңбек әзірлеу арқылы қалыптасқан білім шеңберін өз зерттеулерімен одан әрі кеңейтуге қабілетті;
- білім алушылардың денсаулығын сақтау қағидаттарын жүзеге асыруға және салауаттық мәдениетті қалыптастыруға, еңбек қауіпсіздігін сақтауға қабілетті.

дағдысы болуы міндетті:

- педагогикалық процесті басқару және оны сапалы ұйымдастыру;
- білім алушыларға танымдық әрекет тәсілдерін тиімді меңгертуге, білімнің жеке тұлғалық құндылығын танытуға бағдар ұстану;
- білім алушылардың өз қабілеттерін танып-білуі мен өзінің біліктілігін жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін білімді жеке тұлғаға бағдарлау;
- түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өзінің білімін өзі жетілдіруіне және кәсіби бейімделуіне қолайлы жағдай туғызу;
- заманауи талаптарға сәйкес кәсіби, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерді іске асыру.

7. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар

Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы:

- магистрлік диссертацияның қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келуі;
- өзекті болуы, ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтуы;
- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуге;
- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалуы;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы;
- тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуі тиіс.

8. Модульдер бойынша оқыту нәтижелері:

1. Заманауи ғылым жетістіктері мен философияның даму тенденцияларын талдау әрі бағалау құзыреттілігіне ие. Академиялық және кәсіби өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін коммуникативтік технологияларды, сонымен қатар шет тілін де меңгерген, ғылыми және ресми-іскерлік сөйлеу мәнерлерінің жазбаша мәтіндерін жасай алады.

2. Педагогика ғылымының мәселелерін, педагогикалық қызметтің мәнін, оқы-тәрбие процесін құруды талдай алады. Өз қызметінің басымдықтарын анықтау мен іске асыруда және өзін-өзі бағалау негізінде оны жетілдіру тәсілдерінде құзыретті, педагогикалық қызмет пен басқарудың психологиялық негіздері мен заңдылықтарын меңгере алады.

3. Тілдің жекелеген салаларының әрқайсысы жайлы академиялық деңгейде білім алып, зерттеу әдістері мен дағдыларының ерекшеліктерін жүйелі түрде түсініп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауда құзыретті.

4. Тіл тарихын дәуірге бөліп қарастырудағы алғашқы ізденістер мен ғылыми концепциялар арасындағы қайшылықтарға талдау жасап, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға дағдыланып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, пайдаланып жүрген ғылыми-зерттеу ізденістерін тілші маман ретінде саралап, талдай білуге құзыретті.

5. Қазақ әдебиетінің теориялық және монографиялық еңбектердегі зерттелу мәселелерін жүйелі түрде меңгеріп, әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңінен бастап, күні бүгінге дейінгі аралықтағы өзекті мәселелерін талдауға қабілетті.

6. Білім әлеуетін практикамен ұштастыра отырып, ғылыми-зерттеу жұмысын меңгереді, ғылыми әдебиеттер және өз мамандығының ғылыми зерттеулері бойынша қорытынды жасауды меңгереді.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет мәселелерінде құзыретті, мүдделер қақтығысын болдырмауға және шешуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтауға қабілетті. Алған білімдерін кәсіби салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтай отырып қолдана алады.

9. Білім беру бағдарламасының құзыреттіліктері

Бағдарламаның құзыреттілігін айқындау әлемнің түрлі елдерінде әрі белсенді, әрі тиімді қолданылады, сонымен қатар "Болон процесі" аясында мұның маңыздылығы жоғары болады.

Жоғары оқу орны түлектерінің жалпы құзыреттері білімге, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, арнайы және басқа да құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады.

Құзыреттің атауы мен шифры	Құзыреттің түрі мен шифры	Құзыреттің шифры және мақсат пен міндеттердің анықтамасы
1.Базалық	1. Жоғары мектеп педагогикасының ғылыми бағыты	<p>1.1.1 тарихи процестердің қозғаушы күші мен заңдылықтарын, ондағы адамның орнын түсіне алады;</p> <p>1.1.2 тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарауға дайын болады;</p> <p>1.1.3 Қазақстан Республикасының азаматы, қоғам мүшесі ретіндегі өзінің әлеуметтік функцияларының мәнін түсінеді;</p> <p>1.1.4 қоғамды жетілдіру мен дамытуға бағытталған гуманизм, еркіндік және демократия қағидаттарына дайын болады;</p> <p>1.1.5 теориялық білім мен тиімді оқытудың практикалық дағдыларын меңгере отырып, қазақ тарихының, мәдениеті мен тілінің, Қазақстанның басқа да халықтарының мәдениеттері мен тілдерінің байлығын білім беру мен тәрбиелеу процесіне енгізуді жоспарлай алады.</p> <p>1.1.6 жоғары біліктілікті психолог ретінде құпияларды (конфиденциалдық) сақтай алады;</p> <p>1.1.7 психолог ретінде қабылданушының сұранысын үнемі нақты зерделеп, психологиялық ақпараттарды қандай ақымда болмасын дәл қолдана біледі;</p> <p>1.1.8 жоғары біліктілікті психолог өз танымы арқылы педагогке немесе қабылданушыға әсер ете алады;</p> <p>1.1.9 психолог ретінде тәрбиеші, мұғалім, ата-аналарды баланың психикалық даму шарттарымен және заңдылықтарымен таныстыру құзыретіне ие.</p> <p>1.1.10 шетел тілін оқытудағы инновациялық процестерді, кәсіби бағытталған шетел тілін оқып-түсінуді, арнайы мәтіндерді аудару және грамматикалық ерекшеліктерін меңгеруге қалыптасады.</p> <p>1.1.11 оқушылардың жас, тұлғалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ортаны қалыптастырудың және оқушыларды білім мен тәрбие процесіне тартудың өзіндік стратегияларын бағалай алады.</p> <p>1.1.12 әлеуметтік құбылыстар, әлеуметтік мінез-құлықты реттеудің негізгі заңдылықтары мен формалары туралы ғылыми түсінігі бар, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын біледі, оларды әр түрлі өмірлік жағдайларда жүзеге асыра алады;</p> <p>1.1.13 ақпараттарды басқару дағдылары мен</p>

	<p>біліктіліктерінің болуы, психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез жасай алады;</p> <p>1.1.14 негізінен кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруді біледі;</p> <p>1.1.15 көшбасшылық қасиеттерге, кәсіпкерлік қабілеттерге, жаһандық сынақтарға бейімді;</p> <p>1.1.16 оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдана алады;</p> <p>1.1.17 оқушылар ұжымымен, сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнатады;</p> <p>1.1.18 педагогика саласындағы білімдерін, біртұтас педагогикалық процесті жобалау және жүзеге асыру біліктіліктері мен дағдыларын меңгерген, позитивті ойлауға қабілетті, этикалық құндылықтар жолын ұстанып, ізгілікке және оптимизмге бейімді;</p> <p>1.1.19 ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді өз бетінше іздене оқып, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеп, қорыта алады;</p> <p>1.1.20 практика барысында магистрлік жоба жұмысының өзектілігі мен жаңашылдық деңгейін айқындайды;</p> <p>1.1.21 педагогикалық, ғылыми-педагогикалық қызметте заманауи ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды меңгере отырып, оқу-тәрбие процесін жақсартуға бағытталған өзгерістерге қатысты белсенділік таныта алады;</p> <p>1.1.22 педагогикалық қызметке, педагогикалық инновацияларды шығармашылықпен қолдануға жоғары мотивацияға ұмтылу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жүзеге асыра алады;</p> <p>1.1.23 педагогикалық кәсіптің әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби этика қағидаттарын сақтау, жетілдіру. Педагогтің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру іске асады;</p> <p>1.1.24 заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, библиографиялық жұмыс жүргізе алады.</p>
<p>2. Грамматика және терминология</p>	<p>1.2.1 Қазіргі қазақ тілі саласындағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері туралы біледі;</p> <p>1.2.2 қазақ тілінің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгереді;</p> <p>1.2.3 тіл саласындағы іргелі заңдар мен теорияларды, заманауи мәселелер, ғылыми лингвистикалық ізденістер мен процестердің мәнін айқындайды;</p> <p>1.2.4 грамматикалық теорияның құрылымдық және жүйелік модельдерін, оларға салыстырмалы жүйелік талдау қолдана алады.</p>

	<p>1.2.5 Академиялық грамматика теориясы ғылымының заманауи мәселелерін талдауға мүмкіндік беретін ғылымның негізгі категорияларын біледі;</p> <p>1.2.6 ғылыми жүйеге бағытталған іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелер туралы мәліметтерді игереді;</p> <p>1.2.7 қазақ тілін оқытудағы инновациялық педагогикалық технологиялардың теориялық негіздерін біле алады;</p> <p>1.2.8 сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланысының құралдарын, тілдің ішкі формасының ерекшеліктерін, грамматикалық категориялар құрамының және оларды білдірудің грамматикалық әдістерін тереңнен түсіндіруге мүмкіндік алады.</p> <p>1.2.9 жаңа ғылыми парадигмаларды қалыптастыру үшін салыстырмалы ғылымдарды зерттеудің әдіснамалық принциптерін зерделейді;</p> <p>1.2.10 терминдерді гносеологиялық, семиотикалық және семантикалық қасиеттер бірлігі ретінде тануды меңгереді;</p> <p>1.2.11 уәжтанудың жеке лексикология саласы ретіндегі зерттеу нысаны, ғылыми аппараты, терминологиясы мен талдау әдістерін игереді.</p> <p>1.2.12 -терминологиялық құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашу, зерттеу материалына көзқарастың полипарадигмализмге негізделуін басшылыққа алады;</p> <p>1.2.13 - зерттеу барысында лингвистика деректеріне, атап айтқанда когнитивті лингвистикаға, лингводидактикаға еді</p> <p>1.2.14 -терминологиялық жүйенің әлеуметтік, қоғамдық, коммуникативтік қызметі маңыздылығын таниды;</p> <p>1.2.15 -терминдердің когнитивтік-концептуалдық мәнін ашу, өз бетінше талдау жасауды меңгереді.</p> <p>1.2.16 - тілтану ғылымында қалыптасқан жаңа бағыттар жөнінде, оның ішінде функционалды тіл білімі туралы жан-жақты теориялық тұжырымдарды біледі;</p> <p>1.2.17 -қазақ тілінің типологиялық мүмкіндіктер кеңістігінде қарастырылуына ғылыми байламдар жасай алады;</p> <p>1.2.18 - қазақ лингвистикасындағы психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, паралингвистика, этнолингвистика, прагмалингвистика туралы ой қорытуға құзыретті.</p> <p>1.2.19 - функционалды лингвистиканы қазақ тіл білімі салаларымен салыстырмалы зерттеуге ғылыми деңгейде дағдыланады;</p> <p>1.2.20 -қазақ әдеби тілінің нормаларын, функционалдық сөйлеу стилінің жүйесін еркін талдай алады;</p>
--	--

		1.2.21 -әлеуметтік ортаның коммуникативтік кеңістігіндегі қазақ тілінің қызметі туралы тың деректер мен мәліметтерді талдайды.
2.Арнайы	1. Тіл мен әдебиеттің әдістемесі мен теориясы	2.1.1 - лингвист-ғалымдардың тіл тарихын дәуірлеудегі ғылыми-зерттеу ізденістерін тілші маман ретінде саралай алады, талдай алады; 2.1.2 - тіл тарихын дәуірлеуде диахрондық, синхрондық әдістердің ғылыми- теориялық негіздерін зерделей алады; 2.1.3 - қазақ тілтанымның өзекті мәселелеріне ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға бере біледі; 2.1.4 - қазақ тілінің тарихи кезеңдерін әдебиеттану ғылымымен терең сабақтастықта зерттей біледі.
	2. Жемқорлыққа қарсы заңнама	2.2.1 -экономикалық жүйе туралы түсінігін кеңейтеді, ұйымның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау жолдарын түйсінеді; 2.2.2 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құжаттармен жұмыс жүргізе алады; 2.2.3 - мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы түсінікті меңгереді; 2.2.4 - корпоративтік этикалық құндылықтарды дамытуға үлес қосу жолдарын меңгереді.
	3. Педагогикалық -психологиялық зерттеулер және педагогика ғылымының өзекті мәселелері	2.3.1 - қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеп, ғылыми тұжырымдарды салыстыра алады; 2.3.2 - қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыста қарастыру арқылы әдебиеттің ұлттың ой-санасын оятудағы міндетін айқындай алады; 2.3.3 - әр дәуір әдебиетінің рухани мұраларының ғылыми зерттеулерін талдай алады; 2.3.4 - әдебиет тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, ғылыми тұжырымдарды салыстыра алады. 2.3.5 - әдебиетші-ғалымдардың қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудегі ғылыми-зерттеу ізденістерін әдебиетші маман ретінде саралай алады, талдай алады; 2.3.6 - қазақ әдебиеттану саласының өзекті мәселелеріне ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға бере біледі; 2.3.7 - қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерін қазақ халқының тарихымен терең сабақтастықта зерттей біледі; 2.3.8 - мамандардың бойында осы пән арқылы креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, танымдық әрекетке

		<p>қызығушылығының басымдылық құзыреттілігін қалыптастыра алады.</p> <p>2.3.9- қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының негізгі талаптары мен құрылымдарын, инновациялық технологияларды, оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдерін меңгереді;</p> <p>2.3.10 - қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны негізінде ғылыми-педагогикалық тұрғыдан іздену-зерттеу-тану қабілеттерін дамыту, теориялық-әдістемелік негіздерді игереді;</p> <p>2.3.11 - педагогикалық қызмет барысында басшылыққа алынатын нормативтік актілер мен мемлекеттік құжаттардың мазмұнына сәйкес жұмыс түрлерін ұйымдастыра алады;</p> <p>2.3.12 - оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін игеру, сондай-ақ тілді оқытудың теориясы мен практикасына қатысты маңызды мәселелерді оңтайлы шеше алады;</p> <p>2.3.13 - қазақ тілін оқытудың ұстанымдары мен тіл әдістемесінің жалпыдидактикалық ұстанымдарын, сондай-ақ зерттеу әдістемесін меңгереді, әдістеме міндеттерін шешудің жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз ету шарттарын біледі.</p> <p>2.3.14 - қазақ тілі әдістемесі, оның нысаны мен міндеттері туралы нақты түсінік қалыптастыру, жалпы тілдер, психология, тілдік қызмет теориясы, логика мен әдебиеттану ғылымдарымен байланыстыра игереді;</p> <p>2.3.15 - кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, жоғары оқу орнына арналған теориялық-әдістемелік әдебиеттерді ұтымды пайдалану мақсаттарын орындай алады;</p> <p>2.3.16 - әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап тани білу іскерлігін игереді;</p> <p>2.3.17 - ғылыми-әдістемелік педагогика жетістіктерін пайдалану, инновациялық технологиялардың қыр-сырын меңгеру, оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін бірізді және орынды қолдана білу, әр сабақты ғылыми тұрғыдан талдап сараптай білу құзыреттерін меңгереді.</p>
	<p>4. ЖОО да психологиялық қызметті ұйымдастыру және инновациялық әдіс- тәсілдер</p>	<p>2.4.1 - әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне ғылыми-әдістемелік көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға бере алады;</p> <p>2.4.2 - курстан алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуеді, өз бетінше ізденіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алады;</p> <p>2.4.3 - инновациялық технологиялардың қыр-сырын меңгеріп, оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін тиімді және оңтайлы қолдана біледі;</p> <p>2.4.4 - оқу-әдістемелік әдебиеттермен тиімді жұмыс жасай біледі, сабақты заманауи үлгіде жоспарлауды іске асырады;</p>

	<p>2.4.5 - теориялық және практикалық мәселелерді өз бетінше шешу қабілетіне ие болады.</p> <p>2.4.6 - қазақ әдебиеттану ғылымын оқытудың мақсат-міндеттерін өздігінен анықтай алады;</p> <p>2.4.7 - қазақ халқының тарихы мен этнографиясының өзіндік орны мен ерекшеліктерін әдебиеттану ғылымымен байланыстыра оқытуды шебер үйлестіре алады;</p> <p>2.4.8 - қазақ әдебиетінен берілетін ғылыми-теориялық материалдың әдістемелік деңгейге қарай ұласу жолдарын таниды және ұйымдастыра алады;</p> <p>2.4.9 - әрбір қазақ әдебиеті сабағының білімдік, тәрбиелік, дамытушылық потенциалын жүзеге асыру жолдарын тани біледі.</p> <p>2.4.10 - қазақ драматургиясы туындыларының көркемдік қызметін ғылыми саралай алады;</p> <p>2.4.11 - драмалық шығармалардың тіл мәдениетінің көркем эстетикалық қуатын байытуын зерттеу нысанына алып, қарастыра алады;</p> <p>2.4.12 - қазақ драматургиясының поэтикасын, стиль мәселесін зерделеп, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын саралай алады;</p> <p>2.4.13 - драмалық туындылардағы жанрлық-поэтикалық үрдістерді ғылыми тұрғыдан зерделей алады;</p> <p>2.4.14 - қазақ әдебиеті драмалық шығармаларындағы авторлық таным, стильдік даралық, ортақ тақырыптық сипаттарды анықтай алады.</p> <p>2.4.15 - аңыздар поэтикасының мифопоэтикалық модельдерін, олардың генезисін, дамуын және құрылу функцияларын зерттеу әдістерін меңгереді;</p> <p>2.4.16 - әлемнің біртұтас бейнесінің, зерттеуге мүмкіндік беретін дәстүрлі бейнелердің өзгеруінің, кең интермәтіндік байланыстардың теориясын зерделей алады;</p> <p>2.4.17 - миф пен рәсімнің жүйелері мен поэтикасының, оның ішінде "неомифологиялық" мәтіндердің құрылуына талдау жасайды;</p> <p>2.4.18 - әдеби шығарманың құрылымына органикалық түрде енгізілген миф, оның поэтикасы туралы зерттеулерді қарастыра алады.</p> <p>2.4.19 - ұлттық әдебиет теориясының қалыптасу тарихының ғылыми-әдіснамалық, теориялық көзқарастарын, осы бағыттағы жетістіктер мен іркілістерді қазіргі таңдағы басты талап тұрғысынан меңгере алады;</p> <p>2.4.20 - ұлттық әдеби мұраны игеру, зерттеу, дәстүр мен жалғастық, тарихи сабақтастық сынды күрделі ғылыми мәселелерді зерделей алады;</p> <p>2.4.21 - ұлттық бірегейлік пен ұлттық менталитеттің әдеби шығармалардың көркем әлеміне әсерін талдай</p>
--	---

		<p>біледі;</p> <p>2.4.22 - полиэтикалық мәдениетте өмір сүретін және жұмыс істейтін жазушылардың шығармашылығындағы ұлттық ментальдылықты арнайы зерттеуді жүзеге асыра алады.</p> <p>2.4.23 - әдеби дәстүр және жаңашылдықтың әдебиеттанудағы орны мен маңызын айқындауға көркемдік-эстетикалық тәжірибелік бағыт ала алады;</p> <p>2.4.24 - әдебиеттегі дәстүрлі тақырыптар, уәждер, образдар, жанрлық және композициялық ерекшеліктер жөнінде терең мағлұматтар алады;</p> <p>2.4.25 - жаңашылдықтың жаңа тақырыптарды, жанрлық формаларды, типтерді, көркемдік шындықты бейнелеу құралдарын ашуынан қажетті білім алады.</p> <p>2.4.26 - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті кезеңдерінің өзекті мәселелерін тануды меңгереді;</p> <p>2.4.27 - магистранттар әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымы мен оның әдіснамасы, әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер, олардың ғылыми зерттеудегі бағыттары, әдіс-тәсілдері жайлы зерттеушілік дағдыға ие болады;</p> <p>2.4.28 - әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы әдіснамалық мәселелері жөнінде білімділік құзыретіне ие болады;</p> <p>2.4.29 - әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақты баға бере алады.</p> <p>2.4.30 - көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының әдеби сын саласының қалыптасуы, дамуы, тарихы туралы толық мағлұмат алады;</p> <p>2.4.31 - қазақ әдебиет сынының әдебиет тарихымен және теориясымен, жазба әдебиет пен ғылымның дамуымен тығыз байланысты зерттелуіне баса назар аудара отырып, зерделейді;</p> <p>2.4.32 - әдеби процестің заңдылықтарын, шығармаларды идеялық, стильдік ерекшеліктері тұрғысынан талдау принциптерін анықтауға мол мүмкіндік алады;</p> <p>2.4.33 - әдеби шығармаларға пайымдаулар жасап, түйінді пікірлер айтып, көркем шығарманы бүгінгі әдеби процесс аясында талдап, әдеби-публицистикалық, ғылыми-эстетикалық шығармашылық теориясын меңгереді;</p> <p>2.4.34 - қазіргі қоғамдағы баспасөздің қолданыс аясы, рухани мәртебесі жөнінде мол мағлұмат алады;</p> <p>2.4.35 - баспасөздің саяси, экономикалық, қоғамдық, әлеуметтік, психологиялық мәселелермен</p>
--	--	--

		<p>қатыстылығын талдай білу.</p> <p>2.4.36 - теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, өз мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді меңгереді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің принциптері мен тәсілдерін біледі;</p> <p>2.4.37 - ғылыми пайымдау, тұжырым жасауға, зерттеуші ретінде ой қорытуға дағдыланады;</p> <p>2.4.38 - білім беру бағдарламасының түлегі қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мұғалімдерді кәсіби және кәсіби іс-әрекетінің түрі мен сипатының өзгеруіне әдістемелік және психологиялық тұрғыдан даяр;</p> <p>2.4.39 - басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері мен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуды басты бағыт ретінде жүзеге асырады.</p>
--	--	---

Құзыреттер жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып, кәсіби стандарттар негізінде әрбілім беру бағдарламасы бойынша әзірленеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 1-қосымша

10. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Теориялық оқыту	2640	88
1,1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	оның ішінде:		
	Ғылым тарихы мен философиясы		
	Шет тілі (кәсіби)		
	Жоғары мектептің педагогикасы		
	Басқару психологиясы		
1)	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
1,2	Бейіндеуші пәндер циклі	1590	53
	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
3)	Зерттеу практикасы		
2	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24

1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 240	кемінде 8
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРК)	240	8
	Барлығы	кемінде 3600	кемінде 120

11 Модуль түрлері бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны

Оқу мерзімі: 2 жыл

Пәндер кодтары	Модульге кіретін пәндер атауы	Академиялық кредиттер саны	Семестр	Құзыреттің мақсаты мен бағытының коды
Базалық пәндер (БП) циклі/ Цикл базовых дисциплин (БД) - 35 кредита (ов)				
Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)/ Вузовский компонент (ВК) - 20 кредита (ов)				
М 1. Жоғарғы мектеп педагогикасының ғылыми бағыты				
GTF 5201 IFN 5201	Ғылым тарихы мен философиясы История и философия науки	3	1	1.1.1; 1.1.2; 1.1.3; 1.1.4; 1.1.5
SHГ 5202 Iya 5202	Шет тілі (кәсіби)/Иностранный язык (профессиональный)	3	1	1.1.10
ZhMPed52 03 PedVShi 5203	Жоғары мектептің педагогикасы/Педагогика высшей школы	5	1	1.1.11; 1.1.12; 1.1.13; 1.1.14; 1.1.15; 1.1.16; 1.1.17; 1.1.18; 1.1.19;
BPsi 5204 PsiUd 5204	Басқару психологиясы/Психология управления	5	1	1.1.6; 1.1.7; 1.1.8; 1.1.9
PP_	Педагогикалық практика/ Педагогическая практика	4	2	1.1.20; 1.1.21; 1.1.22; 1.1.23; 1.1.24
Таңдау компоненті				
М 2. Грамматика және терминология				
KGT 5201 GTN 5201	1. Қазақ тілінің академиялық грамматикасы/ Академическая грамматика казахского языка/ 2. Академиялық грамматика	5	1	1.2.1; 1.2.2; 1.2.3; 1.2.4; 1.2.5; 1.2.6; 1.2.7; 1.2.8

	теориясы/ Теория академической грамматики			
KT5202 TOM5202	1.Қазақ терминологиясы және уәждеме негіздері/ Казахская терминология и основы мотивации 2.Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері/Актуальные проблемы современной казахской терминологии	5	2	1.2.9; 1.2.10; 1.2.11; 1.2.12; 1.2.13; 1.2.14; 1.2.15
KL 5203 RvL 5203	1.Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі және әлеуметтік лингвистика /Функционально-коммуникативный синтаксис современного казахского языка и социальной лингвистики 2.Функционал ды лингвистиканың теориялық мәселелері /Теоретические проблемы функциональной лингвистики	5	3	1.2.16; 1.2.17; 1.2.18; 1.2.19; 1.2.20; 1.2.21
Бейіндеуші пәндер циклі/ Цикл профилирующих дисциплин - 53 кредита (ов)				
Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)/ Вузовский компонент (ВК) - 8 кредита (ов)				
М 3. Тіл мен әдебиеттің әдістемесі мен теориясы				
TTDTN 5301 ТОPIYа 5301	Тіл тарихын кезеңдеудің теориялық негіздері/ Теоретические основы периодизации истории языка	3	1	2.1.1; 2.1.2; 2.1.3; 2.1.4
М 4. Жемқорлыққа қарсы заңнама				
SZhKZKK K 5302PAZK S 5302	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы комплаенс қызметтердің қолдануы / Применение антикоррупционного законодательства комплаенс службами	5	2	2.2.1; 2.2.2; 2.2.3; 2.2.4;
М 5. Педагогикалық -психологиялық зерттеулер және педагогика ғылымының өзекті мәселелері				

ATDTN 5214 TOPIL 5214	1.Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері / Теоретические основы периодизации истории литературы 2.Әдеби даму заңдылықтары / Закономерности литературного развития	5	2	2.3.1; 2.3.2; 2.3.3; 2.3.4; 2.3.5; 2.3.6; 2.3.7; 2.3.8
ZhMZhBB BBKTO 5331 OKYapHO PVSH 5331	1.Жоғары мектепте жаңа білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілін оқыту / Обучение казахскому языку по новой образовательной программе в Высшей школе 2.Тіл білімін оқытудың әдістемелік жүйесі / Методологическая система обучения лингвистике	5	2	2.3.9; 2.3.10; 2.3.11; 2.3.12; 2.3.13; 2.3.14; 2.3.15; 2.3.16; 2.3.17
М 6. ЖОО да психологиялық қызметті ұйымдастыру және инновациялық әдіс-тәсілдер				
AZhBBMO 6329 PLOSO 6329	1.Әдебиетті жаңартылған білім беру мазмұнында оқыту / Преподавание литературы в обновленном содержании образования 2.Әдебиеттану ғылымын оқытудың әдістемелік жүйесі / Методологическая система обучения литературоведению	5	3	2.4.1; 2.4.2; 2.4.3; 2.4.4; 2.4.5; 2.4.6; 2.4.7; 2.4.8; 2.4.9;
DP 6333 PD 6333	1.Драматургия поэтикасы / Поэтика драматургии 2.Көркем әдебиеттегі мифопоэтика / Мифопоэтика в художественной литературе	5	3	2.4.10; 2.4.11; 2.4.12; 2.4.13; 2.4.14; 2.4.15; 2.4.16; 2.4.17; 2.4.18
KAUM 5335 KADZh 6336	1.Көркем әдебиеттегі ұлттық ментальдылық / Национальная ментальность в художественной литературе 2.Классикалық әдеби дәстүр және жаңашылдық	5	3	2.4.19; 2.4.20; 2.4.21; 2.4.22; 2.4.23; 2.4.24; 2.4.25

	/Классические литературные традиции и инновации			
AOM 6337 KKASB 6338	1.Әдебиеттанудың өзекті мәселелері/Актуальные вопросы литературоведения 2.Қазіргі қоғамдағы әдеби сын және баспасөз/ Литературная критика и пресса в современном обществе	4	3	2.4.26; 2.4.27; 2.4.28; 2.4.29; 2.4.30; 2.4.31; 2.4.32; 2.4.33; 2.4.34; 2.4.35
ZP	Зерттеу практикасы/ Исследовательская практика	16	3,4	2.4.36; 2.4.37; 2.4.38; 2.4.39
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/ Научно-исследовательская работа магистранта - 24 кредита (ов)				
	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы / Научно-исследовательская работа магистранта, включая прохождение стажировки и выполнение магистерской диссертации	24	1,2,3,4	2.4.36; 2.4.37; 2.4.38; 2.4.39
Қорытынды аттестаттау/ Итоговая аттестация/Final certification- 8 кредита (ов)				
	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ) / Оформление и защита магистерской диссертации (ОиЗМД)/Registration and defense of a master's thesis (RaDMP)	8	4	2.4.36; 2.4.37; 2.4.38; 2.4.39

12. Жийытық кесте игерілген кредиттердің көлемін көрсететін білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде

Курс	Семестр	Менгерілген Модульдер/ пәндер саны	ЖООК	ТК	Теориялық оқыту	Практика (педагогикалық)	Зерттеу практика	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде	Қорытынды аттестация	Барлығы	Барлығы сағатпен	Экз	диф.зачет
1	1	3	5	1	24	0	0	6	0	30	900	6	1
	2	4	1	3	20	4	0	6	0	30	900	4	2
2	3	2	0	5	24	0	4	6	0	34	1020	5	1
	4	1	0	0	0	0	12	6	8	26	780	0	1
Итого			6	9	68	4	16	24	8	120	360	15	5

Білім беру бағдарламасын даярлағандар: «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрa менгерушісі,
ф.ғ.к. Р.Беркенова, ф.ғ.к. Э.Пертаева, ф.ғ.к., доцент А.Белботаев және аға оқытушы
Э.Игиликова

Келісілді:

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор



А.Кадырова

Академиялық саясат басқарма басшысы



Д.Акимова

Тараз қаласы №16 орта мектеп директоры



М.Бейсенғалиева

«Тараз Ғасыр» колледжі



Ғ.Мадимаров

Тараз қаласы №25 орта мектеп директоры



А.Абашова

Тараз қаласы №32 орта мектеп



К.Кожатаева

«Тараз Парасат» колледжі



Б.Имандосова

МҚТ-23-1 тобы 1-курс студенті



А. Акылова

7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы институттың оқу-әдістемелік
кенесінде талқыланып, ғылыми кенесінде бекітілді 2023 жылғы 31.08 №_1_ хаттама.